

## **"Алқабилер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы N 577 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Алқабилер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Алқабилер туралы**

Осы Заң алқабилердің құқықтық мәртебесін, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуды қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды және алқабилер тәуелсіздігінің кепілдігін белгілейді.

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алқабилерге кандидаттардың қосымша тізімі - алқабилерге кандидаттардың бірыңғай және қосалқы тізім ресурстары болмаған жағдайда, жасалатын облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) алқабилерге кандидаттардың тізімі;

2) алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімі - тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы белгілеген азаматтардың санын қамтитын облыстан (республикалық маңызы бар қаладан, астанадан) алқабилерге кандидаттардың негізгі т і з і м і ;

3) алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізімі - алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізім ресурстарын пайдаланғаннан кейін алқабилерді іріктеу рәсімдеріне алқабилерге кандидаттарды тарту үшін облыс орталығында (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) тұратын азаматтар қатарынан тағайындалған алқабилерге к а н д и д а т т а р д ы ң т і з і м і ;

4) алқабилерге кандидаттар - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерге кандидаттарды іріктеу рәсіміне қатысу үшін алқабилерге кандидаттардың тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматы;

5) алқабилер - заңда белгіленген тәртіппен соттың қылмыстық істі қарауға қатысуға шақырған Қазақстан Республикасының азаматы;

6) алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімі - алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасау кезінде негізін құрайтын ауданнан (облыстық маңызы бар

қаладан) алқабилерге кандидаттардың тізімі;

7) алқабилерге кандидаттардың алдын ала тізімі - азаматтарды кездейсоқ таңдау рәсімін жүргізу үшін негізін құрайтын алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы немесе алдын ала қосалқы тізімі;

8) кездейсоқ таңдау - осындай іріктеудің кездейсоқтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін компьютерлік және өзге де технологияларды пайдаланумен алқабилерге кандидаттардың алдын ала тізімінен азаматтарды таңдау;

9) облыстық және оған теңестірілген соттардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті азаматтардың саны - алқабилердің қатысуымен соттың қарауына жататын істердің орташа жылдық саны негізінде белгіленетін азаматтардың болжамды саны.

## **2-бап. Алқабилердің мәртебесі**

Алқабилердің құқықтық жағдайы осы Заңмен айқындалады.

Алқабилерге Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша өкілеттік берілген.

Қазақстан Республикасының Алқабилері тең мәртебеге ие.

## **3-бап. Алқабилер туралы заңдар**

Алқабилер туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінен, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда қамтылғандардан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **4-бап. Алқабилерге кандидаттардың тізімі**

Алқабилерді іріктеу рәсіміне Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар жыл сайын алдағы жылы алқабилерге кандидаттардың тізімдері пайдаланатын жылдың 1 желтоқсанына дейін алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдерін, алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімдерін, алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізімін жасайды.

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және азаматтардан осы Заңның 10-бабында белгіленген алқабилерге кандидаттарға қойылатын талаптарға азаматтардың сәйкес келуін тексеру үшін қажетті ақпаратты сұрауға құқылы. Жергілікті атқарушы органдардың сауалдарына жауап олардың мекен-жайына алынған күннен бастап үш жұмыс күні мерзімінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Алқабилерге кандидаттардың тізімдері әліпбилік немесе өзге де тәртіппен жасалады. Тізімдерде алқабилерге кандидаттардың тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (жасы жиырма бесте - қосымша күні мен айы) және тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі.

## **5-бап. Алқабилерге кандидаттардың тізімдеріне енгізілетін азаматтардың саны**

Алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдеріне, алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімдеріне, алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізіміне енгізілетін азаматтардың саны тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасы жыл сайын ұсынатын алқабилерге кандидаттардың санына негізделеді.

Тиісті облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынымы сот талқылауына қатысу үшін алқабилерін іріктеу мақсатында алдағы жылы алқабилерге кандидаттардың пайдаланатын тізімдері жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жіберілуге тиіс.

Облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынымын алған күннен бастап жыл сайын үш күн мерзімнен кешіктірмей әрбір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) алқабилерге кандидаттардың санын айқындайды және алқабилерге кандидаттардың осы саны туралы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды.

## **6-бап. Алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдерін жасау рәсімі**

1. Алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдерін жасау үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) ауданнан алқабилерге кандидаттардың саны туралы хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде осы Заңның 10-бабында белгіленген алқабилерге кандидаттарға қойылатын талаптарға сай келмейтін адамдарды сайлаушылар тізімдерінен алып тастау арқылы әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрақты тұратын азаматтардың санынан тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сайлаушылар тізімінің негізінде алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдерін жасайды;

2) алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімін жасау аяқталған сәттен бастап жеті күн мерзім ішінде азаматтарды жергілікті атқарушы органның үй-жайында алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімімен таныстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, тізімдегі қателіктер мен дәлсіздіктер туралы өтініштерді қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

3) алқабилерге кандидаттардың алдын-ала бастапқы тізімдерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мерзімді баспасөз басылымында жариялайды;

4) тиісті облыстың (астаналық, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы белгілеген санда жекелеген әрбір аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімінен азаматтарды кездейсоқ таңдап алуды жүргізеді;

5) кездейсоқ таңдап алу нәтижелері бойынша алқабилерге кандидаттардың

бастапқы тізімін жасайды, жергілікті атқарушы органның мөрімен бекітеді және оны облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жібереді.

2. Олармен осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын ауданның жергілікті атқарушы органының іс-әрекеті, сондай-ақ алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсімдеріне қатысуға азаматтардың құқықтарын бұзған жергілікті атқарушы органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы тізімімен азаматтарды таныстыру мерзімі анықталған сәттен бастап жеті күн мерзімде сотқа шағым берілуі мүмкін.

Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген рәсімдер ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімдеріне шағым беру мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Осы бапта көзделген рәсімдерді жүргізудің жалпы мерзімі ауданнан алқабилерге кандидаттардың саны туралы хабарламаны алған күннен бастап екі айдан аспауға тиіс.

### **7-бап. Алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізімін жасау рәсімі**

1. Алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізімін жасау үшін облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) облыстан (астанада, республикалық маңызы бар қаладан) алқабилерге кандидаттардың саны туралы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынымын алған күннен бастап бір ай мерзімде осы Заңның 10-бабында белгіленген алқабилерге кандидаттарға қойылатын талаптарға сай келмейтін адамдарды сайлаушылардың мұндай тізімдерінен алып тастау арқылы облыс орталығында (астанада, республикалық маңызы бар қалада) тұрақты тұратын азаматтар қатарынан сайлаушылар тізімдерінің негізінде алқабилерге кандидаттардың алдын ала қосалқы тізімін жасайды;

2) алқабилерге кандидаттардың алдын ала қосалқы тізімін жасауды аяқтаған сәттен бастап жеті күн мерзім ішінде азаматтарды жергілікті атқарушы органның үй-жайында алқабилерге кандидаттардың алдын ала қосалқы тізімімен таныстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, тізімдегі қателіктер мен дәлсіздіктер туралы өтініштерді қарайды және оған тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

3) алқабилерге кандидаттардың алдын-ала қосалқы тізімдерін облыстың мерзімді баспасөз басылымында жариялайды;

4) алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізіміне енгізілетін азаматтардың санынан төрттен біріне тең санда алқабилерге кандидаттардың алдын ала қосалқы тізімінен азаматтарды кездейсоқ таңдап алуды жүргізеді;

5) кездейсоқ таңдап алу нәтижелері бойынша алқабилерге кандидаттардың қосалқы тізімін жасайды облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті

атқарушы органының мөрімен бекітеді.

2. Олармен осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын облыстың жергілікті атқарушы органының іс-әрекетіне, сондай-ақ алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсімдеріне қатысуға азаматтардың құқықтарын бұзған облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алқабилерге кандидаттардың алдын ала қосалқы тізімімен азаматтарды таныстыру мерзімі аяқталған сәттен бастап жеті күн мерзімде сотқа шағым берілуі мүмкін.

Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген рәсімдер облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімдеріне шағымдану мерзімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Осы бапта көзделген рәсімдерді жүргізудің жалпы мерзімі облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының облыстан (астанадан, республикалық маңызы бар қаладан) алқабилерге кандидаттардың саны туралы ұсынымын алған күннен бастап екі айдан аспауға тиіс.

### **8-бап. Алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасау рәсімі**

1. Облыстың (астана, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы :

1) алқабилерге кандидаттардың бастапқы тізімдерінің негізінде алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасайды;

2) алқабилерге кандидаттардың бірыңғай тізімін облыстың мерзімді баспасөз басылымында жариялайды;

3) алқабилерге кандидаттардың бірыңғай және қосалқы тізімдерін тиісті облыстық және оған теңестірілген сотқа жібереді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген рәсімдерді облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының облыстан (астанадан, республикалық маңызы бар қаладан) алқабилерге кандидаттардың саны туралы ұсынымын алған күннен бастап үш ай мерзімнен кешіктірмей облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жүргізеді.

### **9-бап. Алқабилерге кандидаттардың қосымша тізімі**

Алқабилерге кандидаттардың бірыңғай және қосалқы тізімдерінің ресурстары таусылған ерекше жағдайда, облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы Жоғарғы Сот Төрағасының келісімі бойынша облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына талап етілетін азаматтардың қосымша саны туралы және осыған байланысты алқабилерге кандидаттардың қосымша тізімін жасау қажеттілігі туралы ұсынымын жіберуге құқылы.

Облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы

органы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының ұсынымын алған күннен бастап он күн мерзімде осы Заңның 7-бабының 3) және 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес талап етілген азаматтардың санына қарай алқабилерге кандидаттардың қосымша тізімдерін жасайды және оларды тиісті облыстық және оған теңестірілген сотқа жібереді.

#### **10-бап. Алқабилерге кандидаттарға қойылатын талаптар**

1. Алқабилерге кандидаттардың тізімдеріне:

1) алқабилерді сайлаудың алдында жасалған тізімдеріне немесе референдумға қатысуға құқығы бар сайлаушылар немесе азаматтардың жалпы халықтық дауыс беру (референдум) тізіміне енгізілмеген;

2) алқабилердің тізімін жасау кезінде 25 жасқа толмаған;

3) бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған;

4) сот қабілетсіз және әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған;

5) судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері енгізілмейді.

Алқабилердің тізіміне әлеуметтік жағдайына, нәсіліне және ұлтына, мүліктік жағдайына, қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстарға қатысуына, жынысына және діни сеніміне қарай азаматтарды енгізуге қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

2. Алқабилердің тізімдерінен олардың жазбаша өтініші бойынша:

1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар;

2) мылқаулар, саңыраулар, соқырлар және басқа да мүгедек болып табылатын адамдар;

3) медициналық құжаттармен расталған, өздерінің дене немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабилердің міндеттерін ойдағыдай орындауға қабілетсіз адамдар;

4) 65 жастан асқан адамдар;

5) діни қызметшілер алынып тасталады.

#### **11-бап. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен осы Заңда белгіленген тәртіппен алқабилерге кандидаттарға қойылатын талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Азаматтар осы Заңда белгіленген тәртіппен алқабилерге кандидаттардың тізімдерімен танысуға құқылы.

Азаматтар жергілікті атқарушы органдарға алқабилерге кандидаттардың тізімдерін жасау үшін олардың сұраулары бойынша қажетті ақпарат ұсынуға міндетті.

Азаматтар алқабилерге кандидаттардың тізімдерін жасау үшін қажетті ақпараттарды ұсынбағаны үшін, сондай-ақ жалған ақпараттар ұсынғаны үшін

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауапкершілікті көтереді.

Сот отырысының басталу орны мен уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

**12-бап. Алқабилерге кандидаттардың тізімдеріне енгізбеу,  
дұрыс енгізбеу немесе алып тастау бойынша  
жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне  
шағым беру бойынша**

Азаматтар жергілікті атқарушы органдарға осы Заңда белгіленген тәртіппен нақты адамдарды алқабилерге кандидаттардың алдын ала бастапқы немесе алдын ала қосалқы тізіміне заңсыз енгізу немесе енгізбеу туралы не осы тізімдерінен алып тастау, тізімдердегі басқа да нақты еместігі туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар бес күн мерзімде келіп түскен өтініштерді қарайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым берілуі мүмкін шешім қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органдар үнемі тексеруге және осы Заңның 10-бабының талаптарына сай келмейтін адамдарды тізімнен алып тастай отырып, алқабилерге кандидаттардың алдын ала тізіміне қажет кезде өзгерістер енгізуге міндетті.

Сот алқабилерге кандидаттардың тізімінен адамды алып тастауды талап ететін мән-жайларды анықтаған жағдайда, сот бұл туралы облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына хабарлайды.

**13-бап. Алқабилердің құқықтары, міндеттері және істі  
қарауға байланысты әрекеттеріндегі шектеулер**

**1 . А л қ а б и :**

1) өзінің ішкі сенімі бойынша істің мән-жайын жеке бағалауға мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдерді зерделеуге қатысуға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге;

2) төрағалық етуші арқылы процеске қатысушыларға сұрақ қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды қарауға, жерлерді және үй-жайларды қарауды жүргізуге, сот тергеуіндегі барлық басқа да әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіден іске қатысты заңның нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және оған түсінікті емес басқа да мәселелерді түсіндіруді өтінуге;

5) сот отырысы кезінде жазбаша белгілер жасауға құқылы.

**2 . А л қ а б и :**

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкіміне бағынуға ;

2) егер сот отырысына үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот белгілеген уақытта келуге міндетті;

3) сотқа келуге мүмкіншілік болмаған жағдайда, төрағалық етушіге алдын ала

келмеудің себептері туралы ескертуі тиіс.

### 3. Алқаби мынадай :

- 1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кету;
- 2) төрағалық етушінің рұқсатынсыз істі тыңдау кезінде іс бойынша сот құрамына кірмейтін адамдармен сөйлесу;
- 3) істі талқылау барысында сот отырысынан тыс іс бойынша мәліметтер жинау;
- 4) үкім шығару кезінде кеңесу уақытында, сондай-ақ оның қатысуымен жабық сот отырысында оған белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария ету әрекеттерімен шектеледі.

4. Алқабы сотқа шақыру бойынша дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда төрағалық етуші судьяның қаулысы бойынша мәжбүрлеп әкелуі мүмкін.

5. Алқабидің міндеттерін орындамауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес әкімшілік жауапкершілікке, сондай-ақ төрағалық етушінің істі қарауға одан әрі қатысудан шеттеу мүмкіндігіне әкеп соғады.

#### **14-бап. Алқабидің анты**

Алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен іріктелген адам мынадай мазмұнда ант қабылдайды:

"Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және адал адам ретінде өзімнің ішкі сенімім мен арым бойынша істі шешуге ант етемін".

Алқаби "Ант етемін" деген сөздерді айтумен антты қабылдауын расталады.

#### **15-бап. Азаматтарды сотқа алқаби міндеттерін орындауға шақыру тәртібі мен мерзімі**

Істі қарауға қатысу үшін сотқа алқабилерге кандидаттардың қажетті санын шақыртуды алқабилердің қатысуымен қылмыстық істі қарайтын соттың төрағалық етуші судьясының өкіміне сәйкес сот отырысының хатшысы жүзеге асырады.

Азаматтар алқабилердің міндеттерін орындауға жылына бір рет он жұмыс күніне, ал егер алқабидің қатысуымен басталған істі талқылау көрсетілген мерзімде аяқталған сәтте аяқталмаса, онда осы іс қаралатын барлық уақытқа шақыртылады.

Сотқа шақырылған, бірақ алқабилері алқасының құрамына іріктелмегендер адамдар басқа сот отырысына алқаби ретінде қатысу үшін тартылуы мүмкін.

#### **16-бап. Алқабидің еңбегіне ақы төлеу. Алқабилерге кандидаттар мен алқабилердің шығыстарын төлеу.**

##### **Алқабилердің еңбек қатынастарындағы кепілдіктері**

1. Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган республикалық бюджет есебінен нақты іс қаралып болғаннан кейін,

ал істі қарау созылатын болса, ай сайын облыстық және оған теңестірілген сот судьясының лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) бара-бар оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес сыйақы төленеді.

2. Алқабилерге кандидатқа/алқабиге іссапар шығыстары республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арналған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өтеледі.

3. Сотта алқабидің міндеттерін орындау уақыты еңбек стажын есептеген кезде е с е п т е л е д і .

Алқабидің міндеттерін орындау кезінде оның негізгі жұмыс орны ол үшін сақталады. Жұмыс берушінің бастамасымен оның сотта міндеттерді орындау кезінде алқабиді жұмыстан шығаруға немесе оны ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

### **17-бап. Алқабидің тәуелсіздігіне кепілдіктер**

Сотта міндеттерін орындау кезінде алқабидің тәуелсіздігі: заңда көзделген сот төрелігін жүзеге асыру рәсіммен; сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу бойынша алқабидің қызметіне қалай болса да араласуға жауапкершілігіне қауіп төндіруге тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

Алқаби, оның отбасы мүшелері мен олардың мүліктері мемлекеттің ерекше қорғауында болады. Ішкі істер органдары, егер сотта міндеттерін орындаушы алқабиден тиісті өтінім келіп түссе, сондай-ақ ішкі істер органдары көрсетілген адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталу қауіпіне нышандарын анықтаса, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Алқабиге қатысты қылмыстық істі тек облыстық және оған теңестірілген прокуроры ғана қозғайды.

### **18-бап. Алқабидің міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін адамдардың жауапкершілігі**

Алқабиге міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін азаматтар мен лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.

### **19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*